


Мемлекет басшысы Вашингтонға ресми сапармен барды



KAZINFORM. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Кристофер Ландау күтіп алды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Президент Дональд Трамппен келіссөз жүргізіп, «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысады.

Президент АҚШ-та оқитын қазақ студенттерімен кездесті



KAZINFORM. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-та оқитын қазақ студенттерімен кездесті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы отандастарымызбен аз-кем әңгімелесіп, оларға табыс тіледі.

Дәрілік заттардың бағасы төмендеді

KAZINFORM. «Қазақстанның фармацевтикалық нарығында мемлекеттік реттеу жүргізілетін бірқатар дәрілік заттардың бағасы төмендеді» деп хабарлайды Денсаулық сақтау министрлігі.

Баға төмендеуі жаңартылған баға белгілеу тетігін жүзеге асырумен байланысты. Бұл жүйе дәрілік препараттардың құнын қалыптастыру үдерісін барынша ашық және болжамды етуге бағытталған.

Қазіргі уақытта дәрілік заттардың 4994 саудалық атауына шекті бағалар бекітілген. Ал, рецептсіз босатылатын 1707 препарат мемлекеттік реттеуден шығарылып, уәкілетті орган тарапынан тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп келеді.



2025 жылы Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті еліміздің 20 өңірінде дәрі-дәрмек бағасына мониторинг жүргізді. Зерттеу вирусқа, қабынуға, бактерияға қарсы, жүрек-қантамыр және асқазан-ішек ауруларын емдеуге арналған ең көп сұранысқа ие 50 препаратты қамтыды.

– Қыркүйек айындағы талдау қорытындысы бойынша маусыммен

салыстырғанда дәрілердің 34%-ының бағасы орта есеппен 7,8%-ға, ал, қазан айында 50%-ының бағасы 11,1%-ға төмендеген.

Ең айқын төмендеу келесі дәрілерде байқалды: Гепар комп. Хеель, Ревмоксикам, Цефяпс, ВАЛ-МАК-Н, Зитмак. Бұл дәрілік заттар халық тұтыну құрылымында маңызды орын алады және түрлі ауруларды емдеу кезінде кеңінен қолданылады, – делінген ақпаратта.

Сонымен қатар, дәрілік заттарды өткізу кезінде заңбұзушылық анықталған жағдайда азаматтар DarikZ және Naqy Onim мобильді қосымшалары арқылы немесе комитеттің өңірлік департаменттеріне жүгіну арқылы хабар бере алады.

Түлкібастағы атыс

Бір адам қаза тауып, үш адам ауыр жарақат алды

Төлеби ауданы, Зағамбар ауылында болған кісі өлімінің ізі суымай жатып, Түлкібас ауданында тағы бір жеткіншек оққа ұшты. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Бауыржан Зиятаевтың айтуынша, оқыс оқиға қарашаның екінші күні Түлкібас ауылында орын алған.

2 қараша күні түнде Түлкібас ауданында атыс қаруын қолдану дерегі тіркелді. Салдарынан бір адам қайтыс болып, үш адам ауруханаға жеткізілді. Қазір оларға қажетті медициналық көмек көрсетілуде. Аудандық полиция бөлімінің

басшылығы мен жедел-тергеу тобы дереу атыс болған жерге барып, қысқа уақыт ішінде күдіктілердің жеке басын анықтады. Олардың бірі ұсталып, қамауға алынды. Осы факті бойынша «Адам өлтіру» бабымен қылмыстық іс қозғалды. Болған оқиғаның барлық мән-жайларын және екінші қатысушының орналасқан жерін анықтау үшін қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде. Оқиғаның тергеу барысы облыстық полиция департаменті басшылығының қатаң бақылауында, – деді департамент өкілі.

Сол күнгі оқиғаны көзімен көрген куәгерлердің айтуынша, беттеріне бетперде киіп, мұздай қаруланған

бұзақылар сұр түсті «БМВ» көлігімен келіп, жол жиегінде жайбарақат тұрған жігіттерге оқ жаудыра бастаған. Қанды оқиға кезінде төрт жігіт оққа ұшқан. Дәнекерлеуші болып нәпақа тауып жүрген 17 жастағы Төрехан Төреәлі дәріханадан шыққан бетте оққа ұшса, тағы үш жігіт аяқтарынан ауыр жарақат алған. Қазір екеуі ауруханада ем алып жатса, бірі үйіне жіберілген.

Куәгерлердің айтуынша, көлік ішінде үш адам болған. Полиция оның бірін сол мезетте ұстаса, қалған екі күдіктіні өлі іздестіріп жатыр.

Д.ЖҰСП.

Оңтүстік ҚАЗАҚСТАН

облыстық
қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ okgazeti@gmail.com

№90-91 (21753) ЖҰМА, 7 қараша, 2025 жыл

Өзбек – өз ағамыз!

Бауырлас екі елді рухани құндылықтар мен мәдени мұра байланыстырады



Облыс әкімі Нұралхан Көшеров бастаған облыс делегациясы Өзбекстан Республикасына жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында туризм саласына жауапты басқарма мен мекеме басшылары, туристік фирма жетекшілері, қонақүй өкілдері және осы салаға қатысты азаматтар бар.

Мақсат – Түркістан облысы мен Өзбекстан Республикасы арасында туризмді дамыту бойынша келіссөздер жүргізу, әріптестік орнату және тәжірибе алмасу. Алдымен Нұралхан Көшеров Ташкентте Өзбекстанның Көлік министрі Илхом Махматовпен кездесіп, әріптестікті нығайту жолдарын талқылады.

– Өзбекстан біз үшін – бауырлас мемлекет. Біздің елдерді ортақ тарих, рухани құндылықтар мен мәдени мұра байланыстырады. Түркістан облысы туризм мен



көлік инфрақұрылымын дамытуды Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыттары ретінде қарастырады. Біздің өңірдің туристік әлеуеті жоғары: бірегей табиғи ландшафттар, тарихи ескерткіштер, рухани орталықтар мен туристік орындар Өзбекстаннан және өзге елдерден келген қонақтардың қызығушылығын тудырады. Өңірдің басты нысандарының бірі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне

енгізілген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сонымен қатар облыс аумағында 1 780-нен астам тарих және мәдениет ескерткіші, сондай-ақ, төрт ерекше қорғалатын табиғи аумақ орналасқан. Түркістан қаласында жылына 3 миллионнан астам жолаушыға қызмет көрсететін халықаралық әуежай жұмыс істейді. Түркістан облысының әкімдігі Түркістан мен Өзбекстанның қалалары арасында жаңа тікелей әуе рейстерін ашуды қолдауға дайын. Соның

ішінде Түркістан – Үргеніш – Түркістан бағытын іске қосу мүмкіндігін қарастыруда. Сондай-ақ, автокөлік және теміржол қатынасын жақсартуды, туристік бағыттарды дамытуды және туристердің шекарадан ыңғайлы өтуі үшін «жасыл дәліздер» ұйымдастыруды қамтитын бірлескен көлік-логистикалық жобаларды дамытуға да мүдделіміз, – деді Нұралхан Көшеров.

(Соны 2-бетте).

«Оңтүстікке» жазылу жүріп жатыр

Құрметті оқырман! 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталып кетті. Қоғам дамуының қозғаушы күші әрі қуатты құралы баспасөздің өмірімізде алар орны ерекше. Баспасөз, сондай-ақ, ойымыздың кемелдігін, рухымыздың кенендігін айқындайтын ұлы қазына. Сондықтан егер сіз рухани жағынан байып, кемелденгіңіз келсе, облыс және ел жаңалықтарын күнделікті біліп отырғыңыз келсе, әлемдегі

орын алған оқиғалардан құлағдар болуды ойласаңыз, «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Жарық көре бастағанына жүз жылдан асқан қолыңыздағы байырғы басылым билік пен бұқара арасындағы дәнекер міндетін адал атқарып келеді. Біз бұл жолдан таймаймыз, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің ұжымы алдағы уақытта да сіздердің талғам-таразыларыңыздан шығуға, рухани қызмет көрсетуге дайын!

**6 ай мерзімге
жазылу бағасы:**

**Жазылу индексі: 68464
«Қазпошта» АҚ арқылы**

Түркістан облысы бойынша:
Жеке тұлғалар үшін – 5672,32 теңге.
Занды тұлғалар үшін – 8959,84 теңге.

Шымкент қаласы бойынша:
Жазылу индексі: 65464
Жеке тұлғалар үшін – 5672,32 теңге.
Занды тұлғалар үшін – 8959,84 теңге.

«ERNUR-press» ЖШС арқылы
Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша – 5340 теңге.

«Экспресс-пошта» ЖШС арқылы
Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша
Жеке тұлғалар үшін – 5296,80 теңге.
Занды тұлғалар үшін – 5938,80 теңге.

**Шымкент қаласы бойынша тікелей
редакция арқылы
жазылу бағасы – 2500 теңге.**

**«Оңтүстік Қазақстан» газетіне
2026 жылдың бірінші
жартыжылдығына жазылу
барысы жайлы МӘЛІМЕТ**

(2025 жылдың 7 қарашасына дейінгі көрсеткіш)

р/с	Аудан, қала аттары	Жазылғаны
1.	Ордабасы	253
2.	Қазығұрт	142
3.	Шардара	87
4.	Мақтаарал	41
5.	Сайрам	30
6.	Кентау	11
7.	Жетісай	10
8.	Түлкібас	5
9.	Арыс	1
10.	Отырар	
11.	Сарыағаш	
12.	Түркістан	
13.	Бөйдібек	
14.	Созақ	
15.	Келес	
16.	Төлеби	
17.	Сауран	
	Барлығы	580